

Ақтөбе облысы Астана ауданы №34 орта мектебінің мұғалім дефектологтің логопедиялық 2023-2024 оқу жылының жылдық рефлексиялық есебі

Педагог-логопедтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырушылық жұмыс, білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау, оқушыларға арнайы логопедиялық қолдау көрсету және оның тиімділігін бағалау, кеңестік-әдістемелік қызмет, өзін-өзі дамыту бағыттары бойынша жұмыстар жүргізілді.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Оқу жылының басында мектептің психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі құрылып, мамандар құрамы бекітілді. ППҚҚ жылдық жұмыс жоспары және психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі отырыстарының жылдық жұмыс жоспары бекітілді. Сонымен қатар, мектеп логопедінің жылдық жұмыс жоспары, ата-аналармен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, мектеп мұғалімдерімен жүргізілетін жылдық жұмыс жоспары, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға логопедиялық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, сөйлеу карталары, оқушының сабақтағы іс-әрекетіне бақылау формалары (форма 2а, 2б) дайындалды.

Білім алуда ерекше қажеттіліктерін бағалау және оқушыларды педагогикалық қолдаудың (көмек) мазмұнын анықтау

1-15 қыркүйек аралығында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға кешенді логопедиялық диагностика жүргізілді. Диагностика нәтижесінде педагог-логопедтің түзете-дамыту сабақтарына 25 бала тіркеуге алынды.

ППМПК қорытындысы мен ұсыныстарына сәйкес 4 оқушы және мектеп мұғалімдерінің сұраныстары бойынша оқу бағдарламасын меңгеруде қиындықтары бар сөйлеу тілінде бұзылыстары бар 20 білім алушыға логопедиялық диагностика жасалып, сөйлеу карталары толтырылды.

ЖСТД 2-деңгейімен 1 оқушы, ЖСТД 3-деңгейімен 3 оқушы, оқу мен жазу бұзылыстары бар 22 оқушы.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-логопед, педагог-психолог) оқушылардың сабақтарына қатысып, бақылау хаттамалары (форма 2а,б) толтырылды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар (1а, 1б формалары), оқушылардың коммуникативі паспорттары толтырылып, зерттелінді.

Оқушыларды логопедиялық қолдау және оның тиімділігін бағалау

Жеке дамыту бағдарламаларына сәйкес жеке және топтық сабақтардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары құрылды. Бекітілген сабақ кестесіне сәйкес түзете-дамыту сабақтары жүргізілді.

Ауызша және жазбаша сөйлеу бұзылыстары бар білім алушылардың саны	ЖСБ (ОНР) және сонымен негізделген бұзылыстар	ФФЖ (ФФН, ФН) және сонымен негізделген бұзылыстар (оқу, жазу кемшіліктері)	Дыбыс айтылудың бұзылуы	Тұтығу (күрделі сөйлеу бұзылыстары)	Ерекше жағдайдағы оқытылатын білім алушылар саны	МАД тобынан диагнозбен тіркелген білім алушылар	Ескерту	Барлығы
Анықталған оқушылар саны	3	22			1	1		27
Түзетім жұмысынан кейін тізімнен шыққан білім алушылар		15						15
Оның ішінде басқа мектепке ауысқан оқушылар								
Сабақты жалғастыру үшін қалдырылғандар	3	7			1	1		12
ПМПК-ға жіберілді								

Бірінші жартыжылдықтың соңында толық түзетіліп, тізімнен шығарылған оқушылар саны – 2, сабақты жалғастыруға қалдырылған оқушылар саны – 18, мұғалім өтініші бойынша 2 оқушы қабылданды. Басқа жаққа кеткен, арнайы мектепке жіберілген білім алушылар жоқ.

Екінші жарты жылдықтың соңында толық түзетіліп, тізімнен шығарылған оқушылар саны – 15, сабақты жалғастыруға қалдырылған оқушылар саны – 12. Басқа жаққа кеткен, арнайы мектепке жіберілген білім алушылар жоқ.

Кеңестік-әдістемелік қызмет

2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 27 ата-анаға (Ата-аналарға арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және түзете-дамыту жұмыстарының мазмұны бойынша кеңестер берілді.

Оқу жылының басында сөйлеу тілінде бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына жеке кеңестер беріліп, білім алушылардың тілдік қорытындылары таныстырылды. Логопедиялық үй тапсырмаларының маңызы түсіндірілді.

2023-2024 оқу жылының бірінші жартыжылдығында 23 мектеп мұғаліміне (Мектеп мұғалімдеріне арналған кеңесті тіркеу журналында тіркелген) психологиялық-педагогикалық және әдістемелік кеңестер берілді.

2023ж Мектептің №2 педагогикалық кеңесіне «Сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушыларға тілдік пәндерді бейімдеу алгоритмі» тақырыбында баяндама жасалды. Баяндамада бейімделген бағдарламаны құрастыру жолдары, тілдік пәндердің оқу мақсаттарын бейімдеу ерекшеліктері, бейімделген жалпы білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау мәселелері қарастырылды.

Өзін-өзі дамыту

25.09. 2023 – 6.10 2023 "Орта білім беру жүйесінде түзету жұмыстарын жетілдіру бойынша арнайы педагогтың (Дефектолог-мұғалімнің) кәсіби құзыреттілігін дамыту" тақырыбы бойынша 80 академиялық сағат көлемінде өтіп, сертификат берілді.

Қазақстан республикасы оқу-ағарту министрлігі «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамы ұйымдастыру бойынша 10.10-11.10.2023 аралығында "Инклюзивное образование: Международная практика и современные вызовы" Международный уровень атты семинарда 8 сағат көлемінде білім алды. Халықаралық семинарға қатысқаным үшін сертификат берілді.

24.10.2023 ж. Ақтөбе облыстық оқу-ағарту министрлігі орталығы ұйымдастырған арнайы педагогтарға (дефектолог, логопедтерге) арналған облыстық педагогикалық олимпиададан ІІІ дәрежелі диплом берілді.

26.01.2024ж. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» Акционерлік қоғамының филиалы. Ақтөбе облысы бойынша кәсіби даму институты. Mentor әдістемелік орталығы ұйымдастыру бойынша «Үздік дефектолог» республикалық байқауына қатысып І дәрежелі диплом берілді.

15.03.2024ж. "Инклюзивті білім беру: үздіксіз және сабақтастығы" атты ХІ Халықаралық ғылыми тәжібиелік конференциясына қатысып, «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалары бар отбасымен жұмыс» атты мақала жариялап, кәсіби деңгейде белсенділік танытқан үшін сертификат берілді.

15.03.2024 ж «Жалпы тіл кемістігі бар балалардың танымдық процестерінің дамуын зерттеу әдістемесі» атты әдістемелік.

15.03.2024ж. «Тіл кемістігктері. Дислалия, тұтығу» электронды орта.

Мұғалім дефектолог:



Жакибаева Н.А



